

"Электрондық сайлау жүйесін Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңымен реттелмейтін бөлігінде пайдаланудың тәртібі жөніндегі ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 128/164 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 2005 жылғы 16 қыркүйектегі N 17/39 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 21 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3843

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 12, 50-1 баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Электрондық сайлау жүйесін Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңымен реттелмейтін бөлігінде пайдаланудың тәртібі жөніндегі ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 128/164 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3038 тіркелген) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атаған қаулымен бекітілген Электрондық сайлау жүйесін Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңымен реттелмейтін бөлігінде пайдаланудың тәртібі жөніндегі ережелерде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Дауыс беруге арналған үй-жайларда орнатылған жасырын дауыс беруге арналған кабиналардың (5-7 кабина) ішінде: сайлаушыға дауыс беруге арналған терминалды қалай пайдалану керектігін түсіндіретін нұсқаулық, экранында электрондық сайлау бюллетені көрсетілетін дауыс беруге арналған терминал (осы қаулыға 1-қосымшаға сай) орналастырылады. Электрондық сайлау бюллетенінде кандидаттардың тегі, аты, экесінің аты, сайлау бюллетеніне енгізілген және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар мен сайлау блоктарының атаулары көрсетіледі.";

4 - тармақтың 2) тармақшасында:

"электрондық дауыс беруге арналған құрылғыны" деген сөздерден кейін "(электрондық сайлау карточкаларын) (осы қаулыға 2-қосымшаға сай)" деген сөздермен тоғызылсын;

"округтік сайлау комиссиясымен" деген сөздер "округтік немесе облыстық, Астана және Алматы қалалық сайлау комиссияларымен" деген сөздермен толықтырылсын;

6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Сайлаушылардың тізімінде тіркелген сайлауши сайлау комиссиясының мүшесіне жеке куәлігін көрсетеді.

7. Сайлау комиссиясының мүшесі штрих-кодты оқу немесе сайлаушы туралы деректерді енгізу арқылы алынған және компьютер экранында пайда болған мәліметтерді сайлаушының жеке куәлігінде көрсетілген мәліметтермен салыстырып тексереді.

8. Салыстырып тексеру оң нәтижені көрсетсе, сайлаушы іске қосылған электрондық дауыс беруге арналған құрылғыны (сайлаушының электрондық карточкасын) алады.";

9-тармақ алынып тасталсын;

11 - т а р м а қ т а :

екінші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Жасырын дауыс беруге арналған кабинада сайлаушы электрондық дауыс беруге арналған құрылғыны (сайлаушының электрондық карточкасын) дауыс беруге арналған терминалға салады. Электрондық сайлау бюллетенінің экранында (бұдан әрі - экран) дауыс беруге шақыру пайда болған соң, сайлаушы тиісті жазулар пайда болатын орындардағы экранға басу арқылы дауыс беру тілін, содан кейін өзі дауыс бергісі келетін кандидаттың тегін, аты мен әкесінің атын таңдайды.";

ү ш і н ш і б ө л і м д е :

"штрих-коды оқытылған кезде" деген сөздер "атауы пайда болатын орындардағы экранға басу арқылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жасырын дауыс беруге арналған кабинада дауыс берген сайлаушы электрондық дауыс беруге арналған құрылғыны (сайлаушының электрондық карточкасын) дауыс беруге арналған терминалдан шығарады және дауыс беру нәтижелерін участке компьютеріне есепке қосу үшін оны дереу сайлаушының қатысуымен жинақтаушыға (осы қаулыға 3-қосымшаға сай) салатын сайлау комиссиясының мүшесіне береді.";

аталған қаулыға қосымша алынып тасталсын;

осы қаулыға 1, 2 және 3-қосымшаларға сай 1, 2 және 3-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы облыстардың, Астана және Алматы қалаларының сайлау комиссияларына жіберілсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының сайлау комиссиялары осы қаулыны төмен тұрған аумақтық және участекі сайлау комиссияларының назарына жеткізсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының**

Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
2005 жылғы 16 қыркүйектегі

N 17/39 қаулысына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
2004 жылғы 18 тамыздағы

N 128/164 қаулысына 1-қосымша

Электрондық сайлау жүйесін пайдалана отырып дауыс беру кезінде қолданылатын дауыс беру терминалы

(суретті қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
2005 жылғы 16 қыркүйектегі

N 17/39 қаулысына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
2004 жылғы 18 тамыздағы

N 128/164 қаулысына 2-қосымша

Электрондық сайлау жүйесін пайдалана отырып дауыс беру кезінде қолданылатын сайлаушының электрондық карточкасы

(суретті қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
2005 жылғы 16 қыркүйектегі

N 17/39 қаулысына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
2004 жылғы 18 тамыздағы

N 128/164 қаулысына 3-қосымша

Электрондық сайлау жүйесін пайдалана отырып дауыс беру кезінде қолданылатын жинақтаушы

(суретті қағаз мәтінінен қараңыз)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК